

Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының қызметі туралы № 169 баспасөз-релизі

2009 жылғы 6 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің «АқОрда» резиденциясында Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) кезекті (тоғызыншы) отырысы болып өтті.

Отырыста дағдарысқа қарсы бағдарлама және қаражаттың тиімді және заңды пайдаланылуына мониторинг жүргізу шеңберінде кредиттеу/қайта қаржыландыру мәселелерін реттейтін келісімге өзгерістер енгізу жөнінде, сондай-ақ жөнсіздіктердің себебі мен жағдайларын жою және бұдан әрі оларға жол бермеу бойынша шараларды қабылдау жөнінде «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ ұсынысы тыңдалды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражатты 6 айда игеру мен тиімді пайдалану бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ есебі тыңдалды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражатты жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылыс жұмыстарын аяқтауға мақсатты және тиімді пайдаланылуын бағалау критерийлерінің жоспарын ұсынды.

Екінші деңгейдегі банктер өз клиенттеріне қайтадан берілген кредиттер бойынша Ұлттық қордың қаражатынан келіп түсетін ақшаларды есепке қосу мен қызмет көрсету үшін жеке шоттарды ашу туралы, сондай-ақ ақшаларды қолма-қол ақшаға айналдыру оларды мақсатты пайдалануға, Ұлттық қор қаражатының есебінен консалтингтік қызметтерді төлеуге, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген компаниялармен жасалған келісім-шартты төлеуге сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, аталған ақшаларды қолма-қол ақшаға айналдыруға тыйым салу жөніндегі талаптарды орындау туралы ақпаратты ұсынды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы екінші деңгейдегі банктерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану мәселелері бойынша тексерудің түпкілікті нәтижелерін және анықталған жөнсіздіктерге ықпал ететін қабылданған шаралар бойынша ұсыныстарды хабарлады.

«Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ Жұмыс тобының Үйлестіру кеңесінің қызметі аясында прокуратура органдарының екінші деңгейдегі банктерді тексеру барысында анықталған жөнсіздіктер

жөнінде және жөнсіздіктердің себебі мен жағдайларын жою және бұдан әрі оларға жол бермеу бойынша шараларды қабылдау жөнінде ақпаратты жариялады.

Қазіргі уақытта Агенттік тексерулер нәтижесінде заңдылықтың жөнсіздіктерін және оған себептесетін себептер мен жағдайларды жою туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ұсынысын алды. Агенттік оны орындау мақсатында кредитті мерзімінен бұрын өтеу, сондай-ақ Ішкі құжаттаманы жүргізу ережелерінің талаптарын бұзған кезде сыйақы ставкаларын көтеру мен заемшының айыппұл төлемдерін төлеу бойынша талаптар белгілеу бөлігінде заңнама талаптарын бұзуға байланысты 9 банкке жазбаша ұйғарым түрінде шектеулі ықпал ету шараларын қолданды. Сонымен қатар 4 банкке анықталған жөнсіздіктерді жоюдың қажеттілігі туралы жазбаша ескерту жіберді.

Бұдан басқа, «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ» АҚ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аталған ұсынысы шеңберінде аса жан-жақты механизмді әзірлеу жолымен мемлекетке келтірілген зиянды өтеу бойынша шараларды қабылдау қажеттілігі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды күшейту туралы көрсетілген.

Отырыстың қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰХ» АҚ ағымдағы жылдың 21 тамыз айына екінші деңгейдегі банктерді тексеру барысында анықталған жөнсіздіктерді жою жөніндегі жоспарды және банктердің қайта қардыландырылған зайымдарды мерзімінен бұрын, ішінара немесе толық өтеуден, заемшылар қайта қаржыландырған негізгі борышты қайтарудан алынған қаражатты пайдалану мен мониторинг жүргізу бойынша ұсыныстарды әзірлеу қажеттілігі туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ «ҚазАгро» ҰХ» АҚ Жұмыс тобының жұмыс органын «ҚазАгро» ҰХ» АҚ Директорлар кеңесінің «ҚазАгро» ҰХ» АҚ контрагент банктерінің және оның еншілес акционерлік қоғамының тура және шартты міндеттемелері бойынша лимиттерді белгілеу жөніндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражат есебінен қаржыландыру аясында жасалған тиісті жұмыстарды аяқтау шегі жөніндегі ережелерді, «ҚазАгро» ҰХ» АҚ еншілес акционерлік қоғамдары белгіленген талаптарды бұзу арқылы кредиттерді берген жағдайда зайым шарттарына және негіздемелік келісімдерге қосымша келісімдерді бекіту туралы хабардар ету қажеттілігі жөнінде шешім қабылдады.

Сонымен қатар отырыста аталған күнге банктердің өз клиенттеріне қайтадан берілген кредиттер бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатынан келіп түсетін ақшаларды есепке қосу мен қызмет көрсету үшін жеке шоттарды ашу жөнінде, сондай-ақ ақшаларды қолма-қол ақшаға айналдыру оларды мақсатты пайдалануға, Ұлттық қор қаражатының есебінен консалтингтік қызметтерді төлеуге, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген компаниялармен жасалған келісім-шартты төлеуге сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, аталған ақшаларды қолма-қол ақшаға айналдыруға тыйым салу бойынша талаптарды орындау жөнінде екінші

деңгейдегі банктердің жүргізген жұмыстары туралы ақпаратты беруді «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-на тапсыру шешімі қабылданды. «ҚазАгро» ҰХ» АҚ сондай-ақ ақшаларды қолма-қол ақшаға айналдыру оларды мақсатты пайдалануға, Ұлттық қор қаражатының есебінен консалтингтік қызметтерді төлеуге, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген компаниялармен жасалған келісім-шартты төлеуге сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, қайтадан берілген кредиттер бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатынан келіп түсетін ақшаларды қолма-қол ақшаға айналдыруға тыйым салу жөніндегі талаптарды орындау бойынша өткізілген жұмыс туралы ақпаратты беруі қажет.

Осымен бір уақытта Агенттік, «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ, банктер, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен өткізілген тексерулер нәтижелерін талқылау жөнінде 2009 жылғы 17 шілдеде өткізілген кеңестің қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ банктерге анық емес немесе жалған құжаттарды және мәліметтерді берген сол әділ емес заемшылардың дағдарысқа қарсы бағдарламасының қатысушылары есебінен шығару туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ осы кеңесте «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ ағымдағы жылдың 25 тамыз айына құжаттарды қараудың бірыңғай тәртібін және банктердің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатын беруді әзірлеу қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

Дағдарысқа қарсы жоспардың іс-шараларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның арнайы шоттарына аударылған қаражатты мынадай игеру көзделіп отыр:

банктерді капиталдандыруға – **332,1** млрд. теңге;

жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешуге – **360** млрд. теңге;

«Даму» КДҚ» АҚ шағын және орта бизнесті қолдауға – **117** млрд. теңге банктерге **3** млрд. теңге бөлінді;

экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге – **144** млрд. теңге;

инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – **120** млрд. теңге;

агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға – **120** млрд. теңге.

31.07.09 жылғы жағдай бойынша алынған ақпаратқа сәйкес нақты игерілгендер:

1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша

212,1 млрд. теңге – Үкіметтің «БТА Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 25 246 343 дана мөлшерінде сатып алуы;

27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банк» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 дана мөлшерінде және артықшылықты акцияларын 33 млрд. теңгеге 196 232 499 дана мөлшерінде сатып алуы.

36 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазкоммерцбанк» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 165 517 241 дана мөлшерінде сатып алуы.

2) жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша

№№	ЕДБ атауы	Жасалынған шарттардың (қосымша келісімдердің) сомасы, млн. теңге
Ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру		
1.	«БТА Банк» АҚ	26 392,4
2.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	22 595,9
3.	«АльянсБанк» АҚ	10 891,2
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	3 071,0
5.	«АТФ Банк» АҚ	4 333,1
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3 877,0
7.	«Темір Банк» АҚ	4 409,1
8.	«Kaspi Bank» АҚ	3 846,9
9.	«Цеснабанк» АҚ	3 437,1
10.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	20 500,4
11.	«Нұрбанк» АҚ	0
	Жиынтығы	103 354,8
Астана және Алматы қалаларындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау		
1.	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жарғылық капиталына ақы төлеу	15 000
2.	Құрылыс объектілері бойынша жиынтықты құру үшін «Цеснабанк» АҚ-на алдын ала/аванстық салымдар	104,8
3.	Алматы қаласындағы «Ахселькент» ТК құрылысын аяқтау үшін «АльянсБанк» АҚ-на депозит	16 500
	Жиынтығы	31 604,8
	Барлығы жиынтық	134 959,6

3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

№№	ЕДБ атауы	Жасалынған шарттардың (қосымша келісімдердің) сомасы, млн. теңге	Оның ішінде, жасалынған қайта қаржыландыру шарттарының сомасы, млн. теңге
1.	«БТА Банк» АҚ	20 462,1	8 196,3

2.	«АльянсБанк» АҚ	18 000	9 478,7
3.	«АТФ Банк» АҚ	10 000,7	6 003,7
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	10 000,0	6 144,9
5.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	11 891,8	8 418,4
6.	«Сбербанк России» АҚ	6 003,8	2 773,5
7.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	17 143,3	9 875,2
8.	«Цеснабанк» АҚ	3 300	2 066,4
9.	«Нұрбанк» АҚ	8 090,8	3 838,7
10.	«Kaspi Bank» АҚ	6 000	2 460,9
11.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3 079,1	787,9
12.	«Астана-Финанс Банкі» АҚ	3 000	347,5
	Жиынтығы	116 971,6	60 392,1

- осы бағыт бойынша «Даму» КДҚ» АҚ-ға бөлінген 3 млрд. теңге игерілген жоқ

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу (қайта қаржыландыру) бойынша

№№	ЕДБ атауы	Заемшылар саны	Қайта қаржыландыру сомасы, млн. теңге
1.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	50	90 419,5
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	23	64 510,3
	Жиынтығы	73	154 929,8

5) инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

№№	Заемшының/объектінің атауы	Сомасы, млн. теңге
1.	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ арқылы «Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты	229,7
	Жиынтығы	229,7

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ ақпараттарына сәйкес көктемгі егіншілік жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруышылық-тауар өндірушілердің айналым капиталын толықтыру мақсатында 2009 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша агроөнеркәсіптік секторды қолдауға бөлінген 120 млрд. теңгеден 66 604,1 млн. теңге игерілді. Бұл ретте инвестициялық жобаларды іске асыруға 522,8 млн. теңге жіберілді, 13 849,4 млн. теңге агроөнеркәсіптік кешен¹ субъектілерінен бидай дәндерін сатып алуға жұмсалған – (барлық бөлінген сомадан игерілгендердің жиынтығы 67,5%-ды құрайды).

¹ Қазақстан Республикасының экономикасын жетілдіру мәселелері бойынша мемлекеттік комиссия отырысының 06.05.09ж. № 17-5/И-333 хаттамасына сәйкес – тоннасына 24 640 теңге баға бойынша 1 млн. тонна.

Осылайша, 2009 жылғы 31 шілдеде 6 бағыт бойынша экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаларды игеру пайызы мынаны құрады:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 92,7%;
2. жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша, оның ішінде:
 - ипотекалық займдарды қайта қаржыландыру бойынша – 86,13%;
 - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 13,16%.
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша – 99,9%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 107,6%;
5. агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бойынша – 67,5%;
6. инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша – 0,019%.